

Мұнайшылар күні ерекше мереке



Қыркүйектің алтысында Қазақстан мұнайшылары өздерінің кәсіби мерекелерін тойлайды. Ол мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні. Мұнайгазөнеркәсібі-біздің еліміздің экономикасы мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін қазақстан экономикасының ең маңызды салаларының бірі. Бұл сала Қазақстан бюджетінің кіріс бөлігінің маңызды көздерінің бірі болып табылады. Қазақстан он жылдан астам уақыт бойы өзінің өлшеусіз табиғат байлығын өзі игеріп келеді, соның қатарында көмірсутектерінің мол ресурстары да бар. Қазақстандық мұнайдың қасырлық тарихы болса да онда айтулы өзгерістер Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін болды.

Еліміздің мұнайгаз өндіруші секторын дамытуда «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы ерекше орын алады. Қарашығанаққа әсіресе, Батыс Қазақстанның тұрғындары ерекше үміт артады, өйткені, аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуы кен орнының ары қарай дамуына көптен көп байланысты. Қарашығанақ еліміздің қуатты дамып келе жатқан мұнайгаз кешенінің бір бөлігі ретінде егемен Қазақстанның экономикасына қомақты үлес қосып отыр.

КПО басшылығы мен «Новости Карачаганак» газетінің редакциясы КПО-ның барлық қызметкерлерін және Қарашығанақ ардагерлерін Қазақстанның мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні кәсіби мерекесімен құттықтайды.

Сіздердің адал еңбектеріңіз үшін, өз істеріңізге шын берілгендіктеріңіз үшін және кәсіптеріңізге деген сүйіспеншіліктеріңіз үшін ризашылығымызды қабыл алыңыздар.

Сіздерге барлық істе табыс, қуанышты күндер, таусылмас құшақ, денсаулық пен игілік тілейміз!

Қоғамдық тыңдау өткізілді

Шілденің онында «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы «Казстройсервис» компаниясымен бірге мына жоба бойынша қоғамдық тыңдау өткізді. Қарашығанақ-Орал газ құбыры құрылысының 2 фазасын жүзеге асыру барысында қоршаған ортаға әсерін бағалау (ОВОС).

Теректі ауданының Федоровка селосының әкімдігінде өткен қоғамдық тыңдау кезінде негізгі мәселе болып Автоматты түрде газды тарату станциясы мен Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Новопавлонка поселкесіне дейін ұзындығы 7 км, диаметрі 219 мм. магистралды газ желісінің, сол сияқты Орал-1 Автоматты газ тарату станциясының құрылысы мен Орал қаласына дейінгі Зеленов ауданындағы ұзындығы 7,5км., диаметрі 1000мм. жоғары қысымды газ тарату желісінің құрылысы талқыланды.

Қоғамдық тыңдауға 87 адам қатысты, оның ішінде КПО компаниясының, «Казстройсервис» ұйымының, мемлекеттік мекемелердің, БАҚ өкілдері мен Федоровка селосының тұрғындары және т.б. бар.

Германияға сәтті барып қайтты

Батыс Қазақстан облысының Специал Олимпикстің спортшылары Қазақстанда, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал. Олардың табыстары жақсылық пен қайырымдылық, ізгілік идеяларын қолдаушы көптеген адамдардың арқасында екені даусыз.

2009 жылдың 10-14 маусымы аралығында Вильгельмсдорф (Германия) қаласында интернационалды волейбол турнирі өтіп, оған 11 команда қатысқан. Бұл турнирдің ерекшелігі сонда – командалар мүмкіндігі шектеулі балалардан жасақталған.

Турнирде Финляндия, Австрия, Румыния, Ресей, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан, Қазақстан, Либерия, Греция және әріне, Германиядан қатысты. Бұл турнирде Қазақстанның атынан ойынға қатысу құқығына Батыс Қазақстан облысының командасы ие болды.

Батыс Қазақстан облысының «Специал Олимпикстің»



филиалының директоры Сергей Дмитриук былай дейді: «Турнирде дайындалумен бірге біз шағын мәдени бағдарлама да дайындадық, өйткені 2009 жыл Қазақстанның Германиядағы жылы болып жарияланды ғой. Біздің командамыз жарыспен

бірге Специал Олимпикстің Қазақстандағы қозғалысының тұсаукесерін өткізді, біздің Ресубликамыз туралы әңгімелеп берді және өздерінің қарсыластары мен ұйымдастырушыларға ескерткішке ұлттық сувенирлер сыйлады. Қатысушылардың барлығына қатты ұнағаны сәлемдесу сөздерін үйрену, ертеңіне-ақ әртүрлі акцентпен «Сәлем», «Рахмет» сөздері естіле бастады».

БҚО командасының табысты ойыны БҚО туризм және спорт Басқармасының көмегінің арқасында мүмкін болды. Команданы дайындауда тренер-волеболерлер А.В. Шишулин мен Е.К. Альмухановтар көп жұмыс жасады.

Әсіресе, біздің спортшыларымыздың Германияға сапары БҚО Специал Олимпикстің бас демеушісі «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» қаржылай көмегінің арқасында мүмкін болғанын атап айтқымыз келеді.



Іскерлік қарым-қатынас орнату

Маусым айының басында КПО компаниясының бөлім менеджері Джон Уинберг бастаған өндірістік медицина және өндірістік гигиена бөлімінің қызметкерлері және тұрғындармен жұмыс секциясының жетекшісі Зульфия Мұзафарова Бөрлі аудандық ауруханасы мен поликлиникасы мен башыларымен кездесті.

Кездесуде екі жақ та жұмыс тәжірибелерімен, сол сияқты аудан тұрғындары мен компания қызметкерлері арасында әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын алу жөнінде пайдалы ақпараттармен алмасты. Сонымен бірге КПО-ның аудандық ауруханадағы өріптестерімен болашақтағы іскерлік қарым-қатынасы талқыланды.



Олег Федорович Попов:

«Сенімнен шығуға тырысу керек!»

Қарашығанақтың адамдары

№84 мектеп Омбы мектептерінің ішіндегі ең мықтыларының бірі. Олег Федорович Попов 50-інші жылдары сол мектептің оқушысы болып жүрген кезінен бастап – ақ кім болатынын, қандай мамандық иесі болатынын анық білетін. Бала кезінен бастап-ақ ол белсенді, білуге құмар болып өсті. Оны әсіресе автомобиль сабағы ететін еңбек пәні қатты қызықтыратын. Мектеп бітірісімен алты әуесқой автомобилшінің қатарында ол

аспалы көпір, жол желілерінің құрылысы, жөндеу мен қайта жабдықтау сияқты бірқатар маңызды жобалау-зерттеу жұмыстары жасалды.

Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы В.Подъяблонскийдің шақыруымен 1971 жылы мамандардың үлкен тобының құрамында мен Орал облысына келдім, мұнда бүкіл облыс аумағында көлік жолдарын жобалау және салумен айналысу қажет еді-деп еске алады Олег

қалада жаңа заман үлгісіндегі тұрғын үйлер, әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандар салынып – жаңа Ақсай бой көтере бастады.

Бүгінгі таңда инженер Поповтың кәсіби біліктілігін оның зейнеткерлік жасына қарамастан, әлі де қажет етеді. Олег Федорович КПО компаниясында қадағалаушы орындармен жұмыс бөлімінің инженері қызметін атқарады. Оның әрбір жұмыс күні таңғы алтыда жеңіл бой жазудан басталады. Кәсіби міндетін орындаумен бірге әріптестерімен де өзара тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды. Ол өз қызметкерлерінің өз кәсіптеріне адалдығын, бастамашылдығын және өрне, коммуникабельдігін бағалайды. Өмірі бұрынғыша әртүрлі қызықты істермен белсенді өтуде: тарихи әдебиет оқиды, дачаны күтіп-баптайды, веложарыстарды, шаңғы жарыстарын ұйымдастырады және КПО-ның құрама командасының құрамында Берлі дала-сында ғана емес, италия жазықтарындағы жарыстарға да қатысады.

Спорт менің өмірімнің бір бөлігін құрайды. 90-жылдары менің шаңғыға деген қызығушылығымды сол уақытта жобаның бас менеджері қызметін атқарушы Марио Бекеруччи байқады. Ол маған шағыдан КПО-ның құрама командасын ұйымдастырып, басқаруды ұсынды. Ойымызды жүзеге асырудың сәті түсті. Аз уақыттың ішінде біз жыл сайын Италияда өтетін Епі концернінің «Trofeo Della Neve» халықаралық шаңғы жарыстарына қатысып қана қоймай, жеңістерге де жете бастадық.

Шаңғы клубы қазіргі уақытта да жұмыс жасайды: қыста шаңғы теуіп, жазда спорттық форманы сақтау мақсатында велосипедпен жарыс ұйымдастырады. Олег Федоровичтің жеке басы көптеген жүлделі орындарға ие болды, оның ішінде тау шаңғысы жарысынан да жүлдесі бар. Олег Федоровичтің айтуы бойынша, спорт, жеке бастың күш-қайратын арттырып, көңіл-күйін көтеріп қана қоймай, күнделі өмірдің рухани байытып, әрлендіре түседі.

Олег Федорович пен оның жұбайы Эмма Леонидовнаның үш немересі бар: ең кішісі Егор 5 жаста, үлкендері – Людмила мен Дмитрий қазір Америкада оқып жатыр. Дмитрий Оксфорд университетінің студенті, табандылық, мақсатшылдық сияқты мінездерімен атасына ұқсайды.

Отбасым, балаларым мен немерелерім – менің өмірім дейді Олег Федорович. Мерейітойі әлі алда болса да, дәл биылғы жылы оның жас маман ретінде Қазақстанға келіп, кәсіби шеберлігін шыңдап, жеке тұлға ретінде, әрі басшы ретінде қалыптасып, жерін сүйіп, елін сүйгеніне 50 жыл толады екен.

Өмірлік құндылықтар мен принциптер жылдар өте келе өзгереді, ең бастысы сенімге ие бола білу керек – дейді Олег Федорович. «Және оны ақтау керек» – дегенді қосып айтқымыз келеді. Өйткені ол сенімді ақтай біледі. Оның еңбегін компания басшылығы мен Қазақстан үкіметі орында бағалады. Биылғы жылдың басында Олег Федорович Қарашығанақ кен орнын өркендетуге қосқан үлесі үшін Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың Құрмет грамотасымен марапатталды.



жүргізушілік куәлігін де алады. Осы автомобиль ісіне деген қызығушылық оның мамандық таңдауына шешуші әсер етті деп есептейді Олег Федорович.

Мектеп бітіргеннен кейін қайда оқуға түсу керек деген сұрақтың жауабы бұл кезде өз – өзінен айқын еді: таңдау автомобиль жолдары институтына түсті.

Оның алғашқы кәсіби қызметі Қазақстанмен байланысты. В.В. Куйбышев атындағы Сібір автомобиль жолдары институтын үздік аяқтаған кафедраның 12 студентін, оның ішінде Олег Попов та бар - Ақмола –Қарағанды автотрассасын салуға өндірістік практикаға жібереді. Өзіне бекітіліп берілген учаске Осакаровка ауданындағы 120 километр автомобиль жолын жобалау мен зерттеу жемісті болашақтың басы болды: кәсіби қызметтің шеңбері кеңі берді. Оның қатысуымен, кейіннен оның тікелей басшылығымен Алматы, Маңғышлақ қалаларындағы, Батыс Қазақстан облысындағы және Қарашығанақтағы өндірістік-азаматтық нысандардың автомобиль жолдары,

Федорович – Бұл өте жауапты, күрделі жұмыс болатын, бірақ біз үлкен жігермен, кәсіби ұмтылыспен қолдан келгеннің бәрін жасауға тырыстық.

Олег Федорович көп жылдар бойына Орал қаласындағы «Каздорстрой» жобалау институтының филиалын басқарды. Маңғышлақ және Батыс Қазақстандағы жұмыс жасаған жылдарын, жүріп өткен жолын саралай келе оларды бірінші және екінші эпопея деп тиісінше бөледі. Ал оның өміріндегі Қарашығанақ үшінші нәмірлі эпопея. Кен орнын игерудің алғашқы күнінен бастап осы кезге дейін жауапты қызметтер атқара жүріп, Олег Федорович Қарашығанақпен бірге өмір сүріп келеді. 1987 жылы ол кен орнын жайландыру Дирекциясының директорының орынбасары лауазымына, кейіннен ОКСА бастығы және кен орнындағы жобалау жұмыстарының жетекшісі қызметіне тағайындалады. Оның қолымен есептелген және белгіленген жерлерде жаңа өндірістік базалар, жолдар салынып, аспалы көпірлер мен жол желілері тұрғызылып,



«Грация» тағы да жеңіс биігінде

КПО-ның демеушілік көмегін пайдаланушы «Грация» волейбол командасы шілденің он сегізінде Полшада өткен жасөспірімдердің құрама командасы арасындағы халықаралық турнирге қатысып, құрметті екінші орынды иеленді. Оралдың жас волейболшылары үшін бұл үлкен табыс, ал осы табысқа олар ұзақ әрі табанды түрде жасаған жаттығуларының арқасында жетті.

Клубтың халықаралық аренада қол жеткізген ең жоғары табысы 2008 жылы Италияның Порденон қаласында өткен 19 жасқа дейінгі жастар арасындағы халықаралық турнирде волейболшы қыздар алған үшінші орын болатын. Онда да КПО компаниясы волейбол клубына демеушілік жасаған еді.

Италиядағы осы жарысқа Италия, Англия, Германия, Қытай, АҚШ, Тунис, Словения, Нидерланд, Швейцария, Болгария, Австрия, Израил, Словакия мен Қазақстанның 16 ерлер және сонша әйелдер командасы қатысқан болатын.

Орал қаласының 2003 жылы құрылған «Грация» волейболшылардың балалар мен жасөспірімдер клубы Қарашығанақ Жобасында жұмыс жасайтын бірқатар фирмалардың көмегімен қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Чемпионаттарына үнемі қатысып, тамаша нәтижелер көрсетіп жүр. Клубтың жас волейболшы қыздары халықаралық турнирлерге де жиі қатысып, бірнеше рет әртүрлі дәрежедегі марапаттауларға ие болды.

КПО компаниясы клубқа үлкен көмек көрсетіп отыр және «Грация» командасы КПО компаниясымен болашақта да жемісті ынтымақтастықта болатындарына үлкен үміт артады.

